

3.3.6. Оқу процесі барысында білім алушыларға тыйым салынады:

- Оқытушыны адасушылыққа алып баратын немесе опасыздықпен ілесетін қандай да бір іс – әрекетпен айналысуға, оқытушыға сыйламаушылық көрсетуге;
- Курстық, дипломдық жобалар (жұмыстар), басқа да тапсырмаларды орындау, емтихан тапсыру кезінде басқа біреудің жұмысын (web-ресурстарда орналасқан жұмыстарды қоса) толық көлемде немесе бір бөлігін өз жұмысы деп тапсыруға;
- Емтихан немесе басқа да бақылау ісін – шараларын тапсыру кезінде университет стандарттарында рұқсат етілмеген алдын ала дайындалған материалдарды қолдануға;
- Басқа білім алушылардың орнына тапсырмаларды орындауға, зерттеулер жүргізуге және емтихан жұмыстарын тапсыруға;
- Себепті сылтаусыз сабақтан қалуға немесе кешігуге;
- Сабақ кезінде керісуге, өзін тұрпайы және дөрекі ұстауға;
-

3.4. Оқытушылар, қызметкерлер және студенттер арасындағы қарым – қатынас, олардың Университеттегі ролі

3.4.1. Барлық оқытушылар мен қызметкерлер өз қызметінде басшылыққа алатын негізгі принциптер – іскерлік этикаға негізделген өзара сыйластық, ұжым мүшелері арасындағы өзара әділдік пен адалдық, қарапайымдылық, сыпайылық және жалпы қабылданған моральдық – этикалық нормаларды сақтау.

3.4.2. Ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде тұлғаның қалыптасуы, дамуы және кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдай жасау.

3.4.3. Тұлғаның шығармашылық, рухани және жеке қабілеттіліктерін дамыту, әдептіліктің мықты және салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру, жеке дамуға арналған жағдайларды жасау арқылы ой- өрісін дамыту.

3.4.4. Азаматтық және отансүйгіштікті тәрбиелеу, өз Отаны – Қазақстан Республикасын сүю, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеу, халық дәстүрлерін сыйлау, Конституцияға және қоғамға қарсы істерге жол бермеу.

3.4.5. Белсенді азаматтық позициясы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық- саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін қалыптастыру, тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне ойлы қарау.

